



Ашық сабақ

Тақырыбы: Абай Құнанбаев «Масғұт»
дастаны, Қара сөздері «Бірінші сөз»,
«Алтыншы сөз», «Он сегізінші сөз»





Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай өрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс.

ZHARRA
www.zharrar.kz Н.Ә.Назарбаев

«Ойлан, жұптас, талқыла» «Масғұт» тобына

Абай қай жылы туды?

Қай жерде туды?

Әкесінің аты кім?

Абай қай рудан?

Анасының, әжесінің аттары кім?

Абайдың үш поэмасы

Абайдың мұражайы қай жерде?

Абайдың алғашқы өлеңдер жинағы қай жылы, қай жерде басылып шықты?

Абай ең алғаш дәріс алған татар молдасы?

Абайдың жеті атасын атаңыз.

Абайды әлемге танытқан кім?

«Ескендір» тобына

Абайдың атақты ертекшісі

Абай кімнің өлеңдерін аударды?

Абайдың қандай әндері бар?

«Сеніз аяқ», «Айттым сәлем, қаламқас», «Дойы бұл аяқ», «Татылпаның хаты»

Абайдың атақты әншісі

Абайдың орыс досы

Табиғат лирикасының ішіндегі ең алғашқы жазылған өлеңі?

Абайдың шын есімі

Абайдың неше әйелі, неше баласы болған?

Абайдың алғашқы өлеңдерін кімнің атынан шықты?

Абай ел билеу ісіне неше жастан бастап араласты?

«Медғат — Қасым» поэмасын Абайдың қай баласы жазған?

2-кезең.Поэзиялық минут. (А.Құнанбаев өлеңдерін мәнерлеп оқу қазақ, орыс тілдерінде).

3-кезең.Сергіту. Абайдың сөзіне жазылған «Көзімнің қарасы» әні

4-кезең.Сахналық көрініс. 2-топ «Маңаштың» «Ескендір» поэмаларынан үзінді (топтық жұмыс) қолдану.





-Жаксылык пен жамандықты, әділдік пен қиянат туралы білгіңіз келсе, Абайды оқыңыз. Адамгершілік пен арлылық, махаббат пен зұлымдық туралы білгіңіз келсе, Абайды оқыңыз. Өлім мен өмір, адам жанының қалтарыстары мен сырлары туралы білгіңіз келсе, Абайды оқыңыз. Тіршіліктің мәңгі сауалдарына жауап іздеп, он сегіз мың ғаламның құпиясын білгіңіз келсе, Абайды оқыңыз.

С.Торайғыров



Абайдың қара сөздері

Қара сөзі, қара өлеңі қарымды,
Толғайды Абай мұңым менен зарымды.
Абай сынды дана туған халықтың,
Ұл-қызы да болу керек дарынды





Қара сөз дегеніміз – ғылым туралы, философия туралы, дін туралы қара сөзбен жазылған еңбек. Қарасөз – арабтың ғақлия деген сөзімен мәндес. Ғақлия көркем сөз, дана сөз, асыл сөз деген мағынаны білдіреді.

Абайдың қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының философиялық концепциясын құрайды. Абайдың қара сөздері сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды. Оның қара сөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 ж. Семейде шыққан «Абай» журналында жарық көрді. Кейіннен, Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз, т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды. Абай өз қара сөздерін 1890-1898 жылдар арасында жазған. Қара сөздерін жазуды бастағанда Абай 45 жаста болған. Ақыл-ойы толысып, жасы кемелденген, көрген-білгенін ой елегінен өткізіп, сараптар жасқа жеткен кезінде қара сөздерін жазуды қолға алған. Бұған дейін Шығыс ойшылдары Әл-Фараби, Фирдоуси, Бабыр, Батыс философ, ғалымдары Галилей, Коперник, Спенсер, Дарвин, Ньютон, Пифагор еңбектерімен танысып, үлкен дайындықтан өтіп келеді. Халқымыздың үлкен мұрасы Абайдың қара сөздері (Ғақлия) ұлы акынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, даналық дүниетанымын даралап көрсететін шығарма. Негізінен сұрақ-жауап не өзімен-өзі кеңесу болып келеді. Абайдың қара сөздері мен өлеңдеріндегі идеялар бір-біріне қабысып отырады. Бұл еңбектерінің көпшілігінде бұрын қозғалмаған тың пікірлерді қозғайды. Абай қара сөздерінде адал еңбек ету, егін салу, саудамен айналысу, өнер үйрену, ғылымды игеру, адамгершілік, имандылық секілді бірталай көкейкесті әлеуметтік мәселелерді кеңінен толғайды.





Абайдың қара сөздерінің саны 46. Бірақ біз 46-ншы қазақтардың шығу тарихы жайлы жазылған «Біраз сөз қазақтардың түбі қайдан шыққандығы туралы» деген қара сөзін өз алдына жеке тарихи шығарма, очерк ретінде қарастырып жүрміз.

Абай қара сөздері - өмір тәжірибесінен туған ой толғамының қорытындысы. Қара сөздерінде Абай әңгіме-сұхбат жанрының өзіндік ерекшелігін пайдаланады.

Абай қара сөздері туралы мүмкіндігіне орай батыл, ірі негізді пікірлер айтқан М.Әуезов еді. «...Абайдың осы қара сөз дейтін мұралары көркем прозаның өзіне бөлек, бір алуаны болып қалыптанады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған естегі, мемуар да емес. Стилль мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді». (М.Әуезов. 20-том).

Қара сөздері тақырып жағынан алғанда ақынның өлеңдерімен астасып жатады. Абай адал еңбек ету, егін салу, саудамен айналысу, өнер үйрену, білім-ғылымды игеру, қоғамдағы әр түрлі топтардың қылып жүрген hareketі, мінез-құлқы, адамгершілік, имандылық секілді, бірталай мәселелерді қара сөздерінде кеңінен толғайды, үлкен көрегендікпен көптеген құнды пікірлер түйеді.



БІРІНШІ СӨЗ

Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық - әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын.

Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді құдай сақтасын!

Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері бағар. Енді қартайғанда қызығын өзін түгел көре алмайтұғын, ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған аз ғана өмірімді қорқылар жайым жоқ.

Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгенінді кімге үйретерсін, білмегенінді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі - бір тез қартайтатұғын күйік.

Софылық қылып, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңілде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елге, осы жерде не қылған софылық?

Балаларды бағу? Жоқ, баға алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай харекетке қосайын? Балаларымның өзіне ілгері өмірінің, білімінің пайдасын тыныштықпенен керерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам? Оны да ермек қыла алмадым.

Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ.



«Дана үкілер» техникасы. Слайд арқылы аталған техниканың шарттары көрсетіледі. Бейнесюжет арқылы тыңдалады.

1-ші топ. «Масғұт» тобына «Алтыншы қара сөз». Жұптық тапсырма

2-ші топ . «Ескендір» тобына «Он сегізінші қара сөз». Жұптық тапсырма

1-ші жұп. Мәтінмен жұмыс істеудің негіздері.

Мәтіннің мазмұнын айту . Сендерге жаңалық болған мәліметті жазыңдар.

2-ші жұп. Маңызды өмірлік даналық:

Мәтіннің негізгі ойын бір сөйлеммен білдіріңдер.

3-ші жұп. Иллюстрациялық бейнелеу:

Мәтіннің негізгі ойын сурет, сызба, кесте арқылы бейнелеп көрсетіңдер.

4-ші жұп. Үлгі боларлық қорытынды:

Оқыған мәтіннен келешекте қажет болатын маңызды қорытынды шығаруға бола ма?

5-ші жұп. Талқылауға арналған маңызды тақырыптар:

Талқылауға тұрарлықтай, ерекше көңіл бөлуге болатын ойларды, пікірлерді табыңдар.





«Ойлан, тап!» ойыны. 2 топқа сұрақтар беріледі.Қарамен жазылған сөздер үш тілге аударылады.Халық арасында мақал, нақыл сөз болып қалған Абай сөздерінің жалғасын тап.

«Масғұт» тобына

1. Жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық
 2. Талап, еңбек, терең ой
 3. Білімдіден шыққан сөз.....
 4. Еңбек етсең ерінбей,
 5. Ұстаздық еткен жалықпас,
- 



«Ескендір» тобына

1. Атымды адам қойған соң,
 2. Досы жоқпен сырлас,
 3. Сен де бір кірпіш дүниеге,
 4. Толғауы тоқсан қызыл тіл
 5. Ойын – арзан,
- 

«Бағдаршам» әдісі



ОРТАША

ЖАҚСЫ

ӨТЕ ЖАҚСЫ



**Үй жұмысы: А. Құнанбаевтың
қара сөздерін толық оқу.**





**Көңіл қойып
тыңдағаныңызға
рахмет!
Спасибо!**

Thank You !

Благодарю
за внимание!